

**«Алматы облысының білім басқармасы»ММ
«№3 облыстық арнайы мектеп-интернаты»КММ**

**Тағам сапасын тексеру комиссиясының
№ 5 хаттамасы**

22.11.2024 ж

Қатысқандар:

Бракераж комиссия төрайымы – А.С.Рахышова

Мүшелері:

Б.А. Альсейпулова

А.К. Тастекеева.

Г.Ж. Калилаева

С.Ш. Кияхметова

Б.М. Худайбергенова.

Р.О.Бекбосынова

Күн тәртібінде

1. Мектеп асханасының рейд қорытындысы
2. Санитарлық жағдайы.

Мектеп – интернат директоры, бракераж комиссия төрайымы А.С.Рахышова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысының сапалы тамақтандыруы бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша тексеру нәтижесінде комиссия мүшелері асхананың мына төмендегі жұмыстарын бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығынан және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар толықтай тексеруден өтті. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Ас үй жабдықтары, ыдыс-аяқтар және аспаптар таза күйде қолданылады.

Асхананың ас блогының тамақ жасауға арналған пештері мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы талапқа сай. Тазалау құралдары мен дезинфекциялау препараттары жеткілікті мөлшерде болды.

Өнімдер тоназытқыштарда дұрыс температуралық режимде және тауар көршілестігі сақталған; ашық азық-түліктер жабық контейнерлерде сақталуда. Көкөніс қоймасында стеллаждар бар, іші таза.

Сонымен қатар, мектеп-интернаттың бас есепшісі Ш.Т.Байтокова 08.11.2024 бракераж комиссия шешімінің №4 хаттамасымен таныстырылды, алдағы уақытта қойма таразымен қамтылатын болады.

Тексеріс барысында анықталғандай асхана залының жиһаздары (үстел, орындық); пісіру цехына электр плитасын жаңартуды қажет етуде.

Екінші мәселе бойынша, санитариялық тексерулер барысында келесі талаптар сақталғандығы анықталды: барлық қызметкерлердің жеке медициналық кітапшалары бар, тиісті түрде киінген және бас киімдер мен қолғаптарды пайдаланады.

Тамақ жасауға пайдаланатын өнімдерді алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді. Барлық өнімдерге қатысты сертификаттау құжаттары заңды талаптарға толықтай сәйкес келеді, өнім бағалары нақтыланып көрсетілген.

Комиссия мүшелері тарапынан асханада оқушы денсаулығына қауіп төндіретін заттардың сатылмауын қатаң түрде қадағалау керектігі туралы айтылды.

Қорытынды: Комиссия мүшелері мектеп-интернаттың асхана жұмысының санитарлық нормалар мен қауіпсіздік стандарттарын сақтай отыра өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығына – «жақсы» деп баға берді.


Шешімі:


1. Асханадағы ауыстыруды қажет ететін ыдыс аяқ, ас пісіру техника құралдары (электр. пеші), таразы, асхана залының жиһаздары жаңартылсын. Бракераждық комиссия хаттамасының көшірмесінің бір данасы бюджеттік өтінім мәселесін қарастыру мақсатында мектеп – интернаттың бас есепшісі Ш.Т. Байтоковаға берілсін.
2. Мектеп – интернат асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайын бақылау жұмысы жалғастырылсын, оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Бракераж комиссия төрайымы – А.С.Рахышова 


Мүшелері:

Б.А. Альсейпулова - 

А.К. Тастекеева - 

Г.Ж. Калилаева - 

С.Ш. Кияхметова - 

Б.М. Худайбергенова - 

Р.О. Бектоғолынова - 

Хатшы: Бортебаева А - 